

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктерге бағалы қағаздар рыногында брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметті жүзеге асыруға келісім беру туралы ережені бекіту жөнінде" 1998

жылғы 26 желтоқсандағы N 290 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерге бағалы қағаздар рыногында брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметті жүзеге асыруға келісім беру туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1998 жылғы 26 желтоқсандағы N 290 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерге бағалы қағаздар рыногында брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметті жүзеге асыруға келісім беру туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі апта мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1998 жылғы 26 желтоқсандағы N 290 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерге бағалы қағаздар рыногында брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметті жүзеге асыруға келісім беру туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Ұлттық банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ұ л т т ы қ                      Б а н к і                      Б а с қ а р м а с ы н ы ң  
2 0 0 0                      ж ы л ғ ы                      2 6                      а қ п а н д а ғ ы  
N                      6 9                      қ а у л ы с ы м е н  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1998 жылғы 26 желтоқсандағы N 290 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерге бағалы қағаздар рыногында брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметті жүзеге асыруға келісім беру туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар**

1. 4-тармақтың 4) тармақшасындағы "пен бюджеттен тыс қорлар" деген с ө з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2. Мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын: "5-1. Ұлттық Банк бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға келісім беру туралы өтінішті осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген құжаттарды берген

күннен бастап 3 апта ішінде қарауға тиіс."

3. Мынадай мазмұндағы 5-2-тармақпен толықтырылсын: "5-2. Бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға келісім алу үшін Ереженің 5-тармағында көзделген құжаттар Ұлттық Банктің Банктерді қадағалау департаментіне беріледі."

4. 7-тармақтың екінші азатжолындағы "өзінің заңды күшінде болады" деген сөздер "заңды" деген сөзбен ауыстырылсын.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*